



Ментерушісі Г.С.Жундибаева

Scanned with CamScanner

2022-2023 оқу жылы мектепке дейінгі ұйымдарда музыка қызметі бойынша
«Құлыншақ» және «Ромашки» кіші топтарының перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Балабақша

Балалардың жасы: 2 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): 2022-2023 оқу жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	-Музыка тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру; - Бубен, сылдырмақ аспаптарының дыбысталуымен танысу; - Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту; -Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру, жүгіру дағдыларын қалыптастыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	-Музыканы тыңдауда эмоционалды көңіл-күймен қабылдау; -Бубен, сылдырмақ аспабын үнінен тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда педагогтың дауыс ырғағына еліктеу, қосылып ән айту; -Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка	-Музыка тыңдауда дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу; -Барабан аспабымен және дыбысталуымен танысу; -Ән айтуда педагог сөздерінің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту; - Қарапайым би қимылдарын орындау: жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка	-Музыка тыңдауда баяу және көтеріңкі дыбысты , музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу; -Барабан аспабы мен сылдырмақ, бубен аспаптарының үнін салыстырып тыңдату, үнінен тану; -Ән айтуда әнді жеке және топпен айтуға үйрену; - Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	-Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу; -Барабан аспабын қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу; -Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын музыка ырғағымен ойындарда көрсетуге дағдылану (қанатын жайып ұшқан құстар, секірген қояндар, қорбандаған қонжықтар).

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	-Музыка тыңдауда фортепиано аспабының дыбысталуын ажырата білу; -Сырнай аспабымен және дыбысталуымен танысу, аспаптың үнін тану; -Ән айтуда ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып орындауға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы қарапайым ойындар мен әндерді сахналау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка	-Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру; -Қазақ халқының ұлттық аспабы асатаяқтың дыбысталуымен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану; -Ән айтуда әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты қимылдарды аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка	-Музыка тыңдауда кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау; -Таныс аспаптарды ойын әрекетінде қолдану; -Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту; -Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка	-Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тани білу; -Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау (сылдырмақ, барабан, бубен, асатаяқ, сырнай); -Ән айтуда әннің сөзін, сөз тіркестерін ересекпен бірге орындап, интонациясын еліктеу орындау, аспапқа бейімделуін бекіту; -Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.